

**Қордай аудандық Қоғамдық кеңестің кезекті отырысының
ХАТТАМАСЫ**

№ 14

*Қордай ауданы
«АМАНАТ» партиясының мәжіліс залы*

*12.11. 2025 жыл
сағат: 15.00*

Төрағалық етуші: Н.С.Молдабеков – Қордай аудандық Қоғамдық кеңес төрағасы.

Қатысқандар: аудандық Қоғамдық кеңес мүшелері (9 адам)

Қатыспағандар: Қоғамдық кеңес мүшесі К.Агибаева (денсаулығына байланысты ауруханада).

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Қордай ауданы әкімі Болатбеков Бегзат Сейсенқұлұлының аудандық Қоғамдық кеңес алдындағы есебі;

Н.Молдабеков: Енді осы регламентті дауысқа қоямын: Қарсы-?, Қалыс-? жоқ. Бір ауыздан регламент бекітілді.

Қордай ауданының әкімі Бегзат Сейсенқұлұлы Болатбеков 2025 жылдың 9 айындағы ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы кең көлемді баяндама жасады.

Қордай ауданының әлеуметтік – экономикалық көрсеткіштерінің 2025 жылғы 9 айындағы қорытындылары бойынша:

- **Өнеркәсіп 32,9** млрд. теңгені құрап, индекс көлемі **122,6** пайызға орындалды;

- **Инвестиция 31,7** млрд. теңгені құрап, индекс көлемі **74,1** пайызға орындалды;

- **Құрылыс көлемі 41,8** млрд. теңгені құрап, индекс көлемі **166,2** пайызға орындалды;

- **Пайдалануға берілген тұрғын үйлер 46,9** мың шаршы метрді құрап, индекс көлемі **104,2** пайызға орындалды;

- **Бөлшек сауда айналымының көлемі 34,9** млрд. теңгені құрап, индекс көлемі **108,6** пайызға орындалды;

- **Көтерме сауда айналымының көлемі 17,2** млрд. теңгені құрап, индекс көлемі **142,9** пайызға орындалды;

- **Ауыл шаруашылығы 48,2** млрд. теңгені құрап, индекс көлемі **100,0** пайызға орындалды.

Қаңтар-қыркүйек айларының қорытындысымен бюджеттік қаражаттар **94,2** пайызға игерілді.

Ауданда атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып өтсем:

Ағымдағы жылы тұрғындарының қолданысына Қордай ауылында 144 пәтердің кілті тапсырылды, Үлкен-Сұлутөр ауылында дәрігерлік амбулатория, Қайнар ауылында 3800 га суармалы алқапты сумен жабдықтауды ұлғайту үшін қысымды су құбыры, Үлкен Сұлутөр ауылында 90 орындық мәдениет үйі қолданысқа берілді. Сонымен қатар «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында Қаракөмер, Қарасу ауылдарын мектептерде қолданысқа берілді.

Аудандағы 41 елді мекеннің 37-і газбен қамтылған немесе **90,2** пайызды құрап отыр. Ағымдағы жылдың сәуір айында Керу ауылына газ құбырының құрылысы аяқталып, тұрғын үйлерге қосылды. Қалған елді мекендерге жоба әзірленген, қолдауын тапқан жағдайда жұмыстар жүргіземіз (*Бел, Мұзбел, Аңырақай, Бәйтерек*).

Мемлекет басшысының 2025 жылға дейін Қазақстанның барлық елді мекендерін 100 пайыз сапалы ауыз сумен қамту тапсырмасы бойынша аудан әкімдігі тарапынан 8,6 млрд. теңгеге 10 ауыз су желілерінің құрылыстары аяқталды (*Ноғайбай, Отар, Қордай, Қайнар, Степное, Қарасу, Еңбек, Сарыбұлақ, Соганды, Бәйтерек, Шарбақты*).

Бүгінгі күнге **3** елді мекенде (*Кунбатыс-2, Алға, Гвардейск*) су құбырының құрылыстары жүргізілуде.

Сонымен қатар 10 елді мекенді таза ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында жобалық-сметалық құжаттамалар әзірленді. (*Қарасай батыр, Қызылсай, Керу, Көктөбе, Сұлутөр, Үлкен Сұлутөр, Кенен, Бел, Жаңатұрмыс, Кунбатыс-1*).

Жер мәселесіне келетін болсақ, игерілмеген жерлерді қайтару бойынша 2025 жылы **11 000 га** жоспарланып **4313,12 га** мемлекеттік жер қорына қайтарылды. 2025 жылға пайдаланбай жатқан **12552 га**, жерлерге шара қолдану үшін жер инспекциясына хат жолданды.

Ағымдағы жылы «Ауыл - ел бесігі» жобасы аясында Қордай ауданында ауылдық елді мекендердің даму әлеуетін арттырып, тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған жобалар қолға алынған. Атап айтқанда, Қақпатас ауылында жаңа мәдениет үйінің құрылысы жүргізіліп, Үлкен Сұлутөр ауылында заманауи спорт кешені бой көтеруде. Сонымен бірге Сортобе ауылында бір ауысымда 200 адамға қызмет көрсетуге қауқарлы емхана салынды.

Жұмыспен қамту шараларына тоқталып өтсем:

2025 жылдың 01 тамызына ресми түрде жұмыссыздар есебінде **1799** адам тіркелген, жыл басынан **6056** азамат қайырылып, әлеуметтік қорғау шараларымен **3456** адам қамтылды.

Есепті кезеңге ваканттық бос жұмыс орындарына **1773** азамат жолданды.

Қысқа мерзімді кәсіби оқумен және жұмыс орындарына оқумен қамтамасыз ету

Аудан бойынша 2025 жылы **100 азаматты** қысқа мерзімді оқу курстарымен және **45 азаматты** жұмыс орындарында оқумен қамту жоспарланды.

Сонымен қатар, **285 азаматты** онлайн оқу курстарын жолдау жоспарланып, есепті кезеңге **143 азамат** оқумен қамтылды.

2025 жылға «Бастау Бизнес» бағдарламасы бойынша **385 азаматты** оқыту жоспарланып, бүгінгі күнге аудан көлемінде кәсіпкерлік негіздері бойынша **329 адам** оқуға жолданды.

Жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік гранттар беру

2025 жылы аудан бойынша **90 азаматты** қайтарымсыз мемлекеттік грантпен қамту жоспарланып, есепті кезеңге **90 азамат** грантпен қамтамасыз етілді.

«Ауыл аманаты» жобасы 2019 жылы Қордай ауданының Жамбыл ауылдық округінде пилоттық жоба ретінде басталып, кейіннен Кенен, Қаракемер, Қарасу, Сарыбұлақ, Қақпатас ауылдық округтарында іске асырылды.

Қазіргі таңда аудан бойынша **3,3** млрд. теңгеге **6315** бас МІҚ, **11845** бас қой және **386** бас жылқы сатып алынды. **7** өндірістік кооператив **27** техника мен құрал-жабдықтарын алынды. Өз кәсібін ашуға **61** жоба мақулданып, **441,6** млн. теңге қаржыландырылды.

Аудан халқының әл-ауқатын арттыру, аудан экономикасын дамыту мақсатында алдағы уақытта да жүйелі жұмыстар жалғасын табатын болады. Әрине, бұл тұста халықпен етене жұмыс атқаратын Сіздердің қолдауларыңыз аса маңызды. Сондықтан да Мемлекет басшысының Жолдауында көтерілген мәселерді орындауда жұмыла еңбек етіп, бірліктің үлгісін көрсетейік.

Н.С.Молдабеков – Баяндама аяқталды, Сұрақтарыңыз бар ма? Жок.

Қазақстан Республикасы «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңының 16 бабының 3 тармақшасына сәйкес Қоғамдық кеңес **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Қордай ауданы әкімі Б.С. Болатбековтің есебі толық әрі жан-жақты деп танылып, назарға алынсын.
2. Аудан әкімдігіне:
 - әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерді арттыру бойынша жұмыстарды жалғастырылсын;
 - инфрақұрылымдық жобалардың мерзімінде әрі сапалы орындалуын қамтамасыз етілсін;
3. Жер ресурстарын тиімді пайдалану, игерілмеген жерлерді мемлекет меншігіне қайтару бағытындағы жұмыстарды жалғастыру ұсынылсын.

Отырыста Қордай ауданының даму қарқыны мен атқарылған жұмыстар жан-жақты талқыланды. Қоғамдық кеңес мүшелері аудан әкімінің есебін

қанағаттанарлық деп бағалап, алдағы кезеңде өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы одан әрі нығайту міндеттерін айқындады.


Кеңес мүшелері мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігін арттыру, халықтың өмір сапасын жақсарту және жергілікті атқарушы органдардың ашықтығын күшейту қажеттігіне ерекше назар аударды.

Қоғамдық кеңестің кезекті отырысы өз жұмысын аяқтады.

Қоғамдық кеңес төрағасы

 Н.Молдабеков

Қоғамдық кеңес хатшысы

 М.Қылышбекова